

АҢДАТПА

Дипломдық жобада бастапқы мәліметтер бойынша асинхронды қозғалтқыштың параметрлерін есептеу үшін бағдарламаны әзірлеу жұмыстары жүргізілді. Осы бағдарламаның арқасында қуат, айналу жиілігі, П.Ә.К, $\cos\varphi$, номиналды тоқ, номиналды моменті және іске қосу моменті мен тоқтың номиналды мәндеріне қатынасы, ротор инерциясының номиналды және динамикалық моментіне критикалық моменті есептеулері мүмкін. Нәтижесінде біз алмастыру схемасының параметрлерін ала аламыз.

Бұл есептеулер осы моделдің matlab Simulink-тің асинхронды қозғалтқышты іске қосудың әртүрлі түрлерінде шығындарды есептеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Модель үшін Simulink simscape кітапханасынан тұратын күрделі блоктар жасалды. Жиілік өсу методын тапсыру үшін, matlab бағдарламалау тілінде бағдарлама жазылған, осы бағдарламаны болашақта кез келген контроллер немесе бағдарламалық одан әрі қолдануға болады.

Модельдеу нәтижелері бойынша талдауы активті және реактивті жүктемені пайдалану кезінде жиілік өсуінің жоғалуы бойынша ең тиімді тәсілін анықтады.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде лифт құрылғысының жұмысы кезінде зиянды және қауіпті факторлардың техникалық және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралары қарастырылды.

Дипломдық жұмыстың экономикалық бөлімінде күрделі шығындар және лифтті пайдалану шығындары есептелді. Лифттің электржетегін жаңғыртуға материалдық салымдарға және осы салымдардың өтелу мерзіміне талдау жүргізілді.